

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«МӘШҒҮР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ №57 ОРТА МЕКТЕП»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ
БҰЙРЫҚ**

«02» 09 2024 жыл

№ 224

Астана қаласы

**2024-2025 оқу жылында
мектептегі тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бап, 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-нің 2024 жылғы 2 қыркүйегіндегі №ПР-8014 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жекелендірген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.
2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі Астана қаласы Білім басқармасының Экономика және мемлекеттік сатып алулар бөліміне тапсырылсын. Жауапкершілік әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.
3. Ашықтықты қамтамыз ету барысында ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін. Бракераждық комиссия

құрамы мектеп басшысының төрағалығымен бекітілсін. Жауапкершілік әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.

4. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылуын қадағалау әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.
5. Астана әкімдігінің «Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп» КММ тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қадағалау мектеп медбикесі С.А.Жанбыршинаға жүктелсін.
6. Мектеп асханасындағы кезекшілік кестесіне мұғалімдер бекітіліп, оқушылардың кезекшілікке тартылуына тыйым салынуды бақылау әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.
7. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығының 15 минутқа сәйкестендірілуін қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Ф.Кабыловаға, Ж.А.Исаеваға, Қ.Шарденоваға жүктелсін.
8. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысын ұйымдастыру, бақылау (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушының санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру) әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.
9. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпараттың тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралуын және тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақыты берілуін бақылау әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.
10. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ай сайынғы ақпаратты (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) беріп отыру информатика пәні мұғалімі А.Р.Буркитоваға жүктелсін.
11. Тұрғын емес үйлерді (асханалар мен буфеттер) жалға беруге келісім жасау үшін тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі бойынша жабдықтау жөнінде қажетті ақпаратты қаланың мемлекеттік коммуналдық мүлкті басқарудағы өкілетті органына («Астана қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ) уақытында

берілсін. Жауапкершілік әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.

12. Буфеттегі тамақтану бағасын (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алу әлеуметтік педагогтер Г.А.Абиловаға және Г.К.Молбаеваға жүктелсін.

13. Оқушыларды тамақтандыру жүйесін мектепке қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастыру мектеп медбикесі С.А.Жанбыршинаға жүктелсін.

14. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Г.Н.Сундетов

Бұйрықпен таныстым:

А.Р.Буркитова

Г.К.Молбаева

А.Ф.Кабылова

Ж.А.Исаева

Қ.Шарденова

С.А.Жанбыршина

Г.А.Абилова

(Handwritten signatures of the listed individuals)